

"Ақтау теңіз сауда порты" акционерлік қоғамының мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 26 наурыздағы N 356

"Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті акцияларының 90 проценті мемлекет иелігіндегі "Ақтау теңіз сауда порты" акционерлік қоғамын, белгіленген тәртіппен тарату мәселесін шешсін және оның негізінде шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ақтау теңіз сауда порты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құрсын.

2. "Ақтау теңіз сауда порты" мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 28 қыркүйектегі N 1075 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 39, 434-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі